## Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 26 наурыздағы № 285 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 31 наурызда № 38246 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметтерін ұйымдастыру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы Әділет министрі* — *Е. Сарсембаев*

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 26 наурыздағы
№ 285 Бұйрықпен
бекітілген

## Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы "Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, оларға өзгерістер, түзетулер, толықтырулар енгізу, азаматтық хал актілерінің жазбаларын жою және қалпына келтіру қағидаларын бекіту туралы" № 112 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10764 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, оларға өзгерістер, түзетулер, толықтырулар енгізу, азаматтық хал актілерінің жазбаларын жою және қалпына келтіру қағидаларында:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Осы азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, оларға өзгерістер, түзетулер, толықтырулар енгізу, азаматтық хал актілерінің күшін жою және қалпына келтіру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" кодексіне (бұдан әрі – Кодекс), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Заң), "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы", Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы", "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" заңдарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының аумағында тууды, қайтыс болуды, неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды), некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеуді, өзгерістер, толықтырулар енгізуді, оның ішінде атын, әкесінің атын, тегін ауыстырған, әке (ана) болуды анықтаған, бала асырап алған кезде, азаматтық хал актілерінің жазбаларын түзетуді, қалпына келтіруді, жоюды, сондай-ақ азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы қайталама куәліктерді, анықтамаларды және акт жазбаларының көшірмелерін беру тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"2) азаматтық хал актілерінің цифрлық жүйесі (бұдан әрі – АХАЖ ЦЖ) - азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуге, оларға өзгерістер, түзетулер, толықтырулар енгізуге , азаматтық хал актілерінің күшін жоюға және оларды қалпына келтіруге арналған, сондай-ақ жеке тұлғалардың дербес деректерін құрайтын мәліметтерді қамтитын цифрлық жүйе";

2-тармақтың 6) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"6) мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің цифрлық жүйесі (бұдан әрі – " Мониторинг" ЦЖ) – мемлекеттік қызметтер көрсету, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету процесін автоматтандыруға және мониторингтеуге арналған цифрлық жүйе";

2-тармақтың 9) және 10) тармақшалары келесі редакцияда жазылсын:

"9) цифрлық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі - портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын цифрлық жүйе;

10) "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЦҮТШ) - төлемдерді цифрлық нысанда көрсетілетін өтеулі қызметтер көрсету шеңберінде жүргізу туралы ақпарат беру процесстерін автоматтандыратын цифрлық жүйе;";

3-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"3. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді тіркеуші органдар электронды түрде АХАЖ ЦЖ арқылы жүргізеді.

Кодекстің 179-бабына сәйкес ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі тиісті ауыл, кент, ауылдық округ аумағында тұратын азаматтардың азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуге құжаттар қабылдауды және осы Кодексте көзделген мерзімдерде оларды азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу және Жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқорға мәліметтер енгізу үшін ауданның немесе облыстық маңызы бар қаланың тиісті тіркеуші органына беруді, сондай-ақ азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер, қажет болған кезде анықтамалар беруді және табыс етуді жүргізеді.

Электрондық ақпараттық ресурстар мен цифрлық жүйелердің құпиялылығын сақтау және қорғау мақсатында азаматтық хал актілерінің цифрлық жүйесіне қол жеткізуді цифрлық жүйелердің меншік иелері немесе иеленушілері пайдалану құқығын беру туралы тиісті өтінімдерді келісу арқылы тіркеуші органдарға береді.

Облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың) аумақтық әділет органдары, тіркеуші органдар құзыреті шеңберінде Жеке тұлғалар мемлекеттік деректер қорының орталық серверінде орналасқан акт жазбалардың электрондық нұсқасын пайдаланады." ;

6-тармақтың үшінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Заңның 6-бабының 1-тармағына сәйкес жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат ұсынылады.";

7-тармақтың бірінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"7. Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты тиісті мемлекеттердің заңдары бойынша шет мемлекеттердің құзыретті органдары берген Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде азаматтық хал актілерінің жасалғанын растайтын құжаттар, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, сондай-ақ консулдық ресмилендірілген не арнайы мөртаңба (апостиль) болған кезде Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады. Азаматтық хал актілерінің цифрлық жүйесінде мемлекеттік тіркелуге жататын туу туралы акт жазбасын қоспағанда, мүдделі адамдардың өтініші бойынша тіркеуші орган немесе Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі азаматтық хал актілерінің цифрлық жүйесінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі азаматтық хал актісін тіркеу туралы белгі қояды.";

8-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"8. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы цифрлық жүйелерде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келіседі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар, туу немесе қайтыс болу туралы медициналық куәліктер, Қазақстан Республикасы сотының заңды күшіне енген шешімдері, үкімдері мен ұйғарымдары туралы, мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген азаматтық хал актілерін тіркеу туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның және тіркеуші органдардың қызметкерлері тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден ЦҮШ арқылы алады.

Цифрлық жүйелерде тиісті мәліметтер болмаған кезде Мемлекеттік корпорацияның немесе тіркеуші органның қызметкері құжаттардың электрондық/қағаз көшірмелерін жасайды, содан кейін айырбастауға немесе жоюға жататын азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді қоспағанда, түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан цифрлық жүйелерден алуға болатын құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.";

10 және 11-тармақтар келесі редакцияда жазылсын:

"10. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тіркеуші орган (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді "Мониторинг" ЦЖ-ға енгізуді қамтамасыз етеді.

11. Цифрлық жүйенің ақаулығы туындаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының Әділет департаментінің ақпараттық -коммуникациялық инфрақұрылымға жауапты қызметкеріне дереу хабарлайды.

Бұл жағдайда ақпараттық -коммуникациялық инфрақұрылымға жауапты қызметкерлер цифрлық жүйенің істен шығу себебін анықтау бойынша шаралар қолданады және 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық ақаулық туралы хаттама (акт) жасайды және оны көрсетілетін қызметті берушіге қол қоюға береді.";

15 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Ұсынылған құжаттар мен өтініште көрсетілген мәліметтер қолданыстағы заңнамаға сәйкес келген кезде, көрсетілетін қызметті беруші азаматтық хал акт жазбасын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады, азаматтық хал акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар, өзгерістер енгізеді, жояды немесе қалпына келтіреді, азаматтық хал актісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, қайталама куәлікті немесе анықтаманы акт жазбасы жасалған адамдарға электрондық нысанда немесе олардың қалауы бойынша қағаз жеткізгіште жазады.

Азаматтық хал актісі АХАЖ ЦЖ-да мемлекеттік тіркелгеннен кейін тиісті акт жазбасы басып шығарылады және азаматтық хал актісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік қалыптастырылады. Электрондық нысанда берілген акт жазбасы мен азаматтық хал актісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік тіркеуші орган бастығының немесе құжатты берген оның міндетін атқарушы адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылады.

Қағаз жеткізгіште берілген азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік тіркеуші орган бастығының немесе оның міндетін атқарушы адамның қолымен, құжатты берген тіркеуші органның елтаңбалы мөрімен бекітіледі.";

20-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"20. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі - тууды тіркеу туралы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) келтірілген.";

21-тармақтың алтыншы абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"21. Баланың тууын мемлекеттік тіркеу мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз көрсетілетін қызметті берушінің бастамасымен көрсетілетін қызметті берушінің және мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелері арқылы көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірін www.egov.kz порталында тіркей отырып, проактивті жолмен көрсетуге болады және ол:

1) көрсетілетін қызметті алушыға тууды мемлекеттік тіркеуді көрсетуге сұраным жасалған автоматты хабарлама жіберуді;

2) проактивті қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының көмегімен көрсетілетін қызметті алушының келісімін алу, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыдан басқа қажетті, оның ішінде шектеулі қолжетімді мәліметтерді алуды қамтиды.";

25-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"25. Өтінішті және қоса берілген құжаттарды толық толтыру фактісі анықталған жағдайда (қажет болған жағдайда) құжаттарды өңдеуге жауапты лауазымды тұлға өтінішті және қоса берілген құжаттарды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылданған өтінішті тіркейді, деректерді АХАЖ ЦЖ-ға енгізеді.";

26-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Медициналық куәлік АХАЖ ЦЖ-ға электронды түрде түседі.";

34-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"34. Көрсетілетін қызметті алушының сауалнамалық деректері азаматтық хал акт жазбасында көрсетілген мәліметтермен сәйкес келмеген не АХАЖ ЦЖ-да азаматтық хал акт жазбасы болмаған кезде атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеуге жол берілмейді.";

39-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"39. Тіркеуші орган атын, тегін, әкесінің атын ауыстыру бойынша АХАЖ ЦЖ-ға туу туралы акт жазбасына (қажет болған жағдайда) тиісті өзгерістер енгізеді, туу туралы куәлікті қалыптастырады және атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруға

байланысты өзгерістер енгізу үшін туу туралы акт жазбасының орналасқан жері бойынша тіркеуші органға хабарлама жібереді.";

45-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"45. Егер туу туралы акт жазбасы басқа тіркеуші органда болса, ол АХАЖ ЦЖ-дан басып шығарылады. Туу туралы куәлікте және АХАЖ ЦЖ-да көрсетілген деректер сәйкес келмеген жағдайда, жеткілікті негіздер бар болса, туу туралы акт жазбасына түзетулер енгізіледі.";

49 және 50-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Өтінішті және қоса берілген құжаттарды (қажет болған жағдайда) толық толтыру фактісі анықталған жағдайда құжаттарды өңдеуге жауапты лауазымды тұлға өтінішті және қоса берілген құжаттарды алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қабылданған өтінішті тіркейді, деректерді АХАЖ ЦЖ-ға енгізеді.

50. Тууды және әке (ана) болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу үшін өтініш бір мезгілде берілген кезде азаматтық хал актілерінің цифрлық жүйесінде анасының тегі бойынша баланың тууы туралы акт жазбасы тіркеледі, одан кейін өзгерістер, толықтырулар енгізіледі, туу туралы акт жазбасы басып шығарылады, туу туралы куәлік қалыптастырылады.";

52 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Өзгерістер, толықтырулар енгізілгеннен кейін тууды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органға (егер тууды мемлекеттік тіркеу басқа тіркеуші органда жүргізілсе), туу туралы акт жазбасына тиісті өзгерістер енгізу үшін хабарлама жіберіледі.";

57 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"57. Әке болуды анықтау туралы акт жазбасының (бар болған кезде) не әке болуды анықтау туралы өтініш негізінде енгізілген туу туралы акт жазбасындағы әкесі, тегі және/немесе әкесінің аты (егер өзгертілген болса) туралы мәліметтердің күші жойылғаны туралы, баланың бастапқы деректерін қалпына келтіргені туралы тіркеуші орган тууды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органға (егер тууды мемлекеттік тіркеу басқа тіркеуші органда жүргізілсе) хабарлайды, олар осындай тәртіппен архивтік жазбаларды немесе мәліметтерді жоюды жүргізеді.";

59-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"59. АХАЖ ЦЖ мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерімен ықпалдастыруы болған жағдайда ақпарат электрондық форматта беріледі.";

63-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"63. Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша лауазымды тұлға деректерді АХАЖ ЦЖ-ға 1 (бір) жұмыс күні ішінде енгізеді.";

78-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"78. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес "Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу оның

ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі - неке қию туралы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) келтірілген.";

81-тармақтың үшінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"81. Тіркеуші органның қызметкері тиісті ақпаратты алғаннан кейін неке ( ерлі-зайыптылықты) қию, бұзу туралы, жұбайының қайтыс болуы туралы акт жазбаларының бар-жоғына не неке қию туралы акт жазбасында сот шешімі негізінде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы белгінің бар-жоғына АХАЖ ЦЖ-да тіркеуші органның архивында тексеру жүргізеді.";

83-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"83. Некеге тұруға ниет білдірген адамдар неке (ерлі-зайыптықты) болуды тіркеудің белгіленген күні жеке басты куәландыратын құжатпен немесе цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжатпен тіркеуші органға келуі қажет.";

85-тармақтың төртінші және бесінші абзацтары келесі редакцияда жазылсын:

"85. Өтінішке неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету себептерін растайтын құжаттар (дәрігерлік-консультациялық комиссияның жүктілік туралы анықтамасы) қоса беріледі. Кәмелетке толмаған тұлғаның (олардың) ата-анасының және кәмелетке толмаған азаматтардың өздерінің жеке басты куәландыратын құжаттары не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжаттары олардың жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады.

Қазақстан Республикасындағы азаматтық хал актілерін тіркеуді растайтын мәліметтері (баланың тууы, әкелікті анықтау туралы, кәмелетке толмаған ата-анасының тууы туралы, кәмелетке толмаған адамдардың ата-анасының неке (ерлі-зайыптылықты) қию/ бұзу туралы) АХАЖ ЦЖ-да тексеріледі.";

90-тармақтың бірінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"90. Көрсетілетін қызметті алушының сауалнамалық деректері азаматтық хал акт жазбасында көрсетілген мәліметтермен сәйкес келмеген не АХАЖ ЦЖ-да азаматтық хал акт жазбасы болмаған кезде атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеуге жол берілмейді.";

95-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"95. Тіркеуші орган атын, тегін, әкесінің атын ауыстыруға байланысты өзгеріс енгізу туралы қорытындыны бекіткеннен кейін АХАЖ ЦЖ-ға неке қию туралы акт жазбасына (қажет болған жағдайда) тиісті өзгерістер енгізеді, неке қию ( ерлі-зайыптылық) туралы куәлікті қалыптастырады және атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруға байланысты өзгерістер енгізу үшін неке (ерлі-зайыптылық) қию туралы акт жазбасының орналасқан жері бойынша тіркеуші органға хабарлама жібереді.";

98-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"98. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес "Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі - некені(ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің) келтірілген.";

100-тармақтың төртінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"100. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзғысы келетін ерлі-зайыптылар некені ( ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу үшін белгіленген күні жеке басын куәландыратын құжатпен не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжатпен тіркеуші органға келуі қажет. Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша лауазымды тұлға деректерді АХАЖ ЦЖ-ға өтініш берілген күннен бастап 1 (бір) ай өткеннен кейін ерлі-зайыптылардың екеуінің қатысуымен енгізеді.";

109-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"109. Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша лауазымды тұлға некені ( ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы деректерді АХАЖ ЦЖ-ға өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күн өткен соң енгізеді.

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркегеннен кейін тіркеуші орган АХАЖ ЦЖ-да неке (ерлі-зайыптылық) қию туралы акт жазбасына некені ( ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы белгі қояды.";

117-тармақтың бірінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"117. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы соттың 2019 жылғы 10 желтоқсаннан кейін шығарған шешімдерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушының сауалнамалық деректері азаматтық хал актісінің жазбасында көрсетілген мәліметтермен сәйкес келмеген не азаматтық хал актісінің АХАЖ ЦЖ-да жазбасы болмаған кезде атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруға жол берілмейді.";

122 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"122. Тіркеуші орган атын, тегін, әкесінің атын ауыстыру бойынша АХАЖ ЦЖ-ға некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасына (қажет болған жағдайда) тиісті өзгерістер енгізеді, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлікті қалыптастырады және атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруға байланысты өзгерістер енгізу үшін некені ( ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы акт жазбасының орналасқан жері бойынша тіркеуші органға хабарлама жібереді.";

125 және 126-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"125. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес "Қайтыс болуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу" мемлекеттік

қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі - қайтыс болу туралы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің) келтірілген.

126. АХАЖ ЦЖ-да медициналық ұйым берген қайтыс болу туралы құжат болған кезде қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу автоматты түрде жүргізіледі.

Келесі жұмыс күні тіркеуші органның қызметкері қайтыс болу туралы акт жазбасын бір данада басып шығарады.

Азаматтық хал актілерінің цифрлық жүйесінде медициналық ұйым берген қайтыс болу туралы құжат болмаған кезде қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу мүдделі адамның өтініші бойынша қайтыс болуды мемлекеттік тіркеуге негіз болып табылатын құжаттар беріле отырып жүргізіледі.

Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу үшін қайтыс болған адамның жақын туыстары, оның мұрагерлері тобына кіретін басқа да тұлғалар, қайтыс болған тұлғамен бірге тұрған адамдар, көршілері кез келген тіркеуші органға, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО-на, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне немесе Мемлекеттік корпорацияға қалауы бойынша жазбаша нысанда не портал арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайтыс болуды тіркеу туралы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса отырып, қайтыс болуды тіркеу туралы өтініш береді.

Жоғарыда көрсетілген тұлғалар болмаған жағдайда қайтыс болу туралы өтінішпен тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының, жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері, қайтыс болған адам ұсталған не адам қайтыс болған ұйым әкімшілігі немесе мәйітті тапқан ішкі істер органы жүгіне алады.";

127-тармақтың бірінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"127. Тұлғалардың қайтыс болуын мемлекеттік тіркеу кезінде АХАЖ ЦЖ-ға келіп түскен мәліметтерге сәйкес қайтыс болу туралы акт жазбасына қайтыс болу туралы медициналық куәлікте, қайтыс болу фактісін анықтау туралы немесе адамды қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімінде қамтылған қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу үшін қажетті мәліметтер ғана енгізіледі. Қайтыс болу туралы куәлік басылып шығарылмайды.";

128-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"128. Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу жасалғаннан кейін қайтыс болу туралы хабарламаны портал арқылы алуға болады.";

132-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"132. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес "Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына

келтіру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде ( бұдан әрі - жазбаларды қалпына келтіру туралы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің) келтірілген.";

142-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"142. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес "Азаматтық хал актілері жазбаларын жою" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі - жазбаларды жою туралы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің) келтірілген.";

148-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"148. Азаматтық хал актісі жазбасының күшін жою туралы өтініші бойынша азаматтық хал актісі тіркелген адамдарға, тіркеуші органға (егер жазба басқа жерде тіркелсе), аумақтылығы бойынша хабарланады.";

152-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"152. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес "Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі - қайталама куәліктер мен анықтамалар бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) келтірілген.";

155 және 156-тармақтар келесі редакцияда жазылсын:

"155. Он алты жасқа дейінгі балалардың тууы туралы қайталама куәліктері ата-аналарына, қорғаншыларына, ұл (қыз) бала асырап алушыларға, қамқоршыларына және сол балаларды тәрбиелеп отырған балалар мекемелерінің әкімшіліктеріне беріледі , он алты жастан асқан, бірақ он сегіз жасқа толмаған және жеке басын куәландыратын құжат алмаған балаларға ата-анасының біреуінің не қорғаншысының қатысуымен олар жеке басын куәландыратын құжатты не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжатты ұсынған кезде қайталама куәліктер беріледі.

Қайтыс болу туралы қайталама куәліктер қайтыс болған адамның жақын туыстарына, оның мұрагерлер тобына кіретін басқа адамдарға беріледі.

Басқа туыстарына қайтыс болу туралы куәлік мұрагерлік ісі бар нотариустың хабарламасы бойынша беріледі.

156. Егер АХАЖ ЦЖ-да акт жазбасы болмаса, онда тексеру тіркеуші органның архивінде жүзеге асырылады.

Тексеру 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Архивта акт жазбасы болған жағдайда тіркеуші орган 10 (он) күнтізбелік күн ішінде АХАЖ ЦЖ-да азаматтық хал актілері жазбасын енгізу бойынша шаралар қабылдайды.

Содан кейін тіркеуші орган 2 (екі) жұмыс күні ішінде қайта куәлік жазады.

Архивта жазба болмаған жағдайда тіркеуші орган көрсетілетін қызметті алушыға азаматтық хал актісінің жазбасын қалпына келтіру туралы өтініш беру туралы ұсынымдармен бірге акті жазбасының жоқтығы туралы жауап жібереді.";

159-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"159. Қайталама куәліктер беру туралы өтініштерді тексеру АХАЖ ЦЖ-да жүргізіледі.

Егер АХАЖ ЦЖ-да мәліметтер жоқ болса, өтініште көрсетілген жыл ішінде акті ( метрикалық) кітаптар бойынша жүргізіледі, сондай-ақ өтініште көрсетілген азаматтық хал актілері тіркелген жылдан бұрынғы екі және кейінгі екі жыл аралығында жүргізіледі.

Егер азаматтық хал актілерін тіркеудің нақты жылы көрсетілмесе, тексеру тек АХАЖ ЦЖ-да жүзеге асырылады.

Тексеру 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Тіркеуші органның архивінде жазба болған жағдайда тіркеуші орган 10 (он) күнтізбелік күн ішінде азаматтық хал актісі жазбасын АХАЖ ЦЖ-ға енгізу жөнінде шаралар қабылдайды.";

160-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"160. Азаматтық хал актісін тіркеу фактісін куәландыруға тіркеуші орган азаматтық хал актілерін тіркеу түріне сәйкес "Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы электрондық және қағаз жеткізгіштегі акт жазбаларының, куәліктер мен анықтамалардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 12 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10173 болып тіркелген) нысан бойынша азаматтық хал актілерін тіркеу кітабындағы жазба негізінде азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама (бұдан әрі-анықтама) береді.

Анықтама АХАЖ ЦЖ тәсілімен портал арқылы электронды түрде беріледі.

Анықтамаларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде уәкілетті органдарға ұсыну қажет болған жағдайда анықтамалар қағаз түрінде беріледі. Қажет болған жағдайда және бұл туралы өтініште көрсетілген кезде осы анықтамалардың ескертуінде акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар, түзетулер енгізу, қайталама куәліктерді беру үшін негіздемелер көрсетіледі. Ескертудегі мәліметтер егер олар жеке және отбасылық құпияға жатпайтын жағдайда толтырылады.

Бала асырап алушылар асырап алынған баланың ата-анасы болып табылмайтындығы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер тек бала асырап алушының немесе бала асырап алушылардың келісімімен ғана көрсетіледі.

Некеге құқық қабілеттілігі туралы анықтаманы кез келген тіркеуші орган он алты жастан бастап АХАЖ ЦЖ-да тексеру негізінде береді.";

163 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"163. Азаматтық хал актілері жазбаларының электрондық нұсқаларының көшірмелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттері

шегінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының (цифрлық жүйелері АХАЖ ЦЖ-мен ықпалдастырылған мемлекеттік органдарды қоспағанда), адвокатура органдарының, нотариустардың (АХАЖ ЦЖ-да азаматтық хал актілері жазбалары болмаған кезде) сұрау салулары бойынша, басқа мемлекеттерді қосқанда, сондай-ақ басқа мемлекеттердің АХАТ органдарының (қызметтерінің) сұрау салулары бойынша ғана беріледі (жіберіледі).

Сұрау салуда "Ақпаратқа қол жеткізу туралы", "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес дербес деректерді жинау және өңдеу мақсатын көрсету қажет.

Азаматтық хал актілері жазбаларының архивтік көшірмесін алу және бұл туралы сұрау салуда көрсету қажет болған кезде акт жазбасының көшірмесі акт кітабынан беріледі (жіберіледі), ол азаматтық хал актісінің бастапқы тіркелген жері бойыншаауданның (қаланың) тіркеуші органының архивінде сақталады.

Көшірмелердің дұрыстығы тіркеуші органның елтаңбалық мөрімен және лауазымды тұлғасының қолымен бекітіледі";

170-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"170.Азаматтық хал актілері жазбаларына енгізілген өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер туралы тіркеуші орган акт жазбасының архиві сақтау орны бойынша тіркеуші органға хабарлама жібереді.

Бұл ретте міндетті түрде "белгілер үшін" бағанында АХАЖ ЦЖ-да азаматтық хал акт жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу үшін негіз болып табылатын өтініш немесе қорытынды туралы, сондай-ақ азаматтық хал актілері жазбаларына енгізілген өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер туралы мәліметтер енгізіледі.";

173-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"173-1. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес "Азаматтық хал актісін тіркеу туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Мәліметтерді өзектендіру (түзету) туралы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) келтірілген.";

Мәліметтерді өзектендіру (түзету) үшін өтініш берушілер осы Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес портал арқылы электрондық түрде мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса отырып, өзектендіруге жататын акт түріне сәйкес өтініш береді.

Азаматтық хал актісінің мәліметтерін өзектендіру мүдделі адамның өтініші бойынша жүргізіледі.

Өзектендіруге арналған өтініште көрсетілген мәліметтерді қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күн ішінде тексеруді жүзеге асырады, мәліметтерді азаматтық хал актісінің деректерімен салыстырады.

Егер АХАЖ ЦЖ-да акт жазбасы болса, көрсетілетін қызметті беруші АХАЖ ЦЖ-дағы мәліметтерді акт жазбасын түзету негізінде өзгерістер енгізу арқылы өзектендіруді жүзеге асырады.

Егер АХАЖ ЦЖ-да акт жазбасы болмаса, онда тіркеуші орган тіркеуші органның архивінде сақталатын архивтік акт жазбалары бойынша тексеруді жүзеге асырады.

Тексеру 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Архивта жазба болған жағдайда 2 ( екі) жұмыс күн ішінде тіркеуші орган АХАЖ ЦЖ-да азаматтық хал актілері жазбасын енгізу бойынша шаралар қабылдайды.

Содан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде тіркеуші орган АХАЖ ЦЖ-дағы мәліметтерді өзектендіруді жүзеге асырады.";

175 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"175. Тіркелген азаматтық хал актілері кітаптары азаматтық хал акті жазбалары бір данадан тұрады.

Азаматтық хал акт жазбаларын нөмірлеу бірінші нөмірден басталады, жыл бойы бірінші қаңтардан отыз бірінші желтоқсанға дейін (қоса алғанда) - дәйектілікпен жүргізіледі. Азаматтық хал актісінің әрбір түрі бойынша бөлек нөмірлеу жүргізіледі.

Алғашқы тіркеу орны бойынша акт кітаптары жетпіс бес жыл бойы сақталады, содан кейін азаматтық хал актілерінің жазбалары АХАЖ ЦЖ-да бар екенін куәландырғаннан кейін тиісті мемлекеттік архивке беріледі.

Азаматтық хал акт жазбасының барлық бағандары қысқартусыз (көпшілік мақұлдағаннан басқасы) толық жауаптармен толтырылады, бөлек сөздерді (анкеталық деректер) тастап кету немесе оларды қысқартуға жол берілмейді.

Егер сұраққа теріс жауап қайтарылатын болса, бағандар "жоқ" сөзімен толтырылуы тиіс.

Есімі, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі тапсырылған құжатқа сәйкес толық толтырылады.";

көрсетілген қағидасының 4-қосымшасы осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 5-қосымшасы осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 7-қосымшасы осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 9-қосымшасы осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 10-қосымшасы осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 11-қосымшасы осы тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 12-қосымшасы осы тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 13-қосымшасы осы тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 14-қосымшасы осы тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 16-қосымшасы осы тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 17-қосымшасы осы тізбеге 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 18-қосымшасы осы тізбеге 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 19-қосымшасы осы тізбеге 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 19-1-қосымшасы осы тізбеге 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 20-қосымшасы осы тізбеге 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 21-қосымшасы осы тізбеге 16-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 22-қосымшасы осы тізбеге 17-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 23-қосымшасы осы тізбеге 18-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 25-қосымшасы осы тізбеге 19-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 26-қосымшасы осы тізбеге 20-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 27-қосымшасы осы тізбеге 21-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 29-қосымшасы осы тізбеге 22-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 30-қосымшасы осы тізбеге 23-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 31-қосымшасы осы тізбеге 24-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 32-қосымшасы осы тізбеге 25-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 34-қосымшасы осы тізбеге 26-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидасының 35-қосымшасы осы тізбеге 27-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы электрондық және қағаз жеткізгіштегі акт жазбаларының, куәліктер мен анықтамалардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 12 қаңтардағы № 9 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10173 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 20) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"20) азаматтық хал актілері цифрлық жүйесінің мәліметтері негізінде берілетін некеге құқық қабілеттілігі туралы анықтаманың осы бұйрықтың 20-қосымшасына сәйкес электрондық нысаны;";

1-тармақтың 40) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"40) азаматтық хал актілері цифрлық жүйесінің мәліметтері негізінде берілетін некеге құқық қабілеттілігі туралы анықтаманың осы бұйрықтың 40-қосымшасына сәйкес қағаз жеткізгіштегі нысаны;";

Көрсетілген бұйрықтың 20-қосымшасы осы тізбеге 28-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Көрсетілген бұйрықтың 40-қосымшасы осы тізбеге 29-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Туу туралы куәлікті рәсімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 429 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32952 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Туу туралы куәлікті рәсімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Баланың тууын мемлекеттік тіркеу үшін ата-аналар, олардың біреуі, ал олар қайтыс болған, науқастанған немесе өтініш беруге өзге себептермен мүмкіндігі болмаған жағдайда – мүдделі адамдар немесе бала туған кезде анасы жатқан медициналық ұйымның әкімшілігі бала туған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен (бұдан әрі – туу туралы өтініш) Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген тіркеуші органға өтініш берушінің қалауы бойынша жазбаша нысанда не "Цифрлық үкімет" порталы арқылы электрондық түрде жүгінеді.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Ата-аналардың жеке басын куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда баланың тууын мемлекеттік тіркеу кезінде баланың ата-аналары туралы мәліметтер

азаматтық хал актілерінің цифрлық жүйесінің (бұдан әрі – АХАЖ ЦЖ) мәліметтеріне сәйкес толтырылады.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Баланың тууын мемлекеттік тіркеуге түскен құжаттарды тексергеннен кейін баланың тууын тіркеу туралы мәліметтер АХАЖ ЦЖ - ға енгізіледі.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Баланың тууын АХАЖ ЦЖ-да мемлекеттік тіркегеннен кейін акт жазбасы басып шығарылады және туу туралы куәлік қалыптастырылады. Туу туралы акт жазбасының негізінде туу туралы куәлік ресімделеді, қажет болған жағдайда туу туралы анықтама беріледі (куәліктердің елтаңбалық бланкілері болмаған кезде).";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. АХАЖ ЦЖ-да тіркелген туу туралы акт болған кезде туу туралы қайталама куәлік тіркеуші органға қажетті құжаттар келіп түскен кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде беріледі.

АХАЖ ЦЖ-да акт жазбасы болмаған кезде қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушыны күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 15 ( он бес) күннен аспайтын мерзімге ұзартылады.";

4. "Қазақстан Республикасының әділет органдарынан, азаматтық хал актілерін тіркеу және өзге де мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою мемлекеттік қызметін көрсету қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 27 мамырдағы № 58 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20740 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген қағидасында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Қазақстан Республикасының әділет органдарынан, азаматтық хал актілерін тіркеу және өзге де мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидасын (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1)-тармақшасына, "1961 жылғы 5 қазанда Гаага қаласында жасалған " Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыруды талап етудің күшін жоятын конвенция ережелерін іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 24 сәуірдегі № 545 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына (бұдан әрі - Конвенция) және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 4 қарашадағы № 950, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 15 қарашадағы № 702 , Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 16 қарашадағы № 1182, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппараты)

басшысының 2021 жылғы 16 қарашадағы № 30, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № 363, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2021 жылғы 24 қарашадағы № 155, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 29 қарашадағы № 574 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 851 бірлескен бұйрығымен бекітілген Апостиль қоюдың бірыңғай қағидаларына ( бұдан әрі – Бірыңғай қағидалар) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25789 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының әділет органдарынан, азаматтық хал актілерін тіркеу және өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға экстерриториалдық қағидат бойынша апостиль қояды.

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әділет департаменттері өзінің аумақтық бірлігіне сәйкес құжаттарға қол қою құқығы берілген лауазымды адамдардың қол қою үлгілерін (бұдан әрі - қол қою үлгісі) және құжатты берген органның мөр бедерін (бұдан әрі - мөр бедері) лауазымды адамдардың тағайындалуына және орган мөрінің өзгеруіне қарай "Е-Апостиль" цифрлық жүйесіне енгізеді.

Әділет министрлігі "Е-Апостиль" цифрлық жүйесіне мемлекеттік органдардан келіп түсетін қол қоюдың және мөрлер бедерлерінің үлгілерін енгізеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушылар) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қалауы бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) қағаз түрінде немесе "Цифрлық үкімет" веб-порталы ( бұдан әрі - портал) арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтініш береді.";

8, 9, 10, 11, 12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттары туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушының бюджетке баж сомасын төлегенін растайтын құжатты (ЦҮТШ арқылы төленген жағдайда), сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

9. Цифрлық жүйелерде тиісті мәліметтер болмаған кезде Мемлекеттік корпорацияның немесе көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттардың

цифрлық/қағаз көшірмелерін дайындайды, содан кейін апостиль қоюға жататын құжаттарды қоспағанда, түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан цифрлық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

10. Көрсетілетін қызметті алушы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде цифрлық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

11. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

12. Цифрлық жүйе істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға жауапты қызметкерін дереу хабардар етеді.

Бұл жағдайда ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға жауапты қызметкер цифрлық жүйенің істен шығу себептерін анықтау бойынша шаралар қабылдайды және 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама (акт) жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

13. Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы тапсырған кезде "жеке кабинетіне" өтініш түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электронды форматтағы өтініш және Қағидаларда көрсетілген қажетті құжаттардың тізбесі өтініш берушінің ЭЦҚ пайдаланумен портал арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші қол қою үлгісі мен мөр бедерінің өтінішке тіркелген апостиль қоюға жататын цифрлы не сканерленген құжаттың түпнұсқасына сәйкестігін, сондай-ақ өтінішпен қоса берілген құжаттардың Конвенция мен Бірыңғай қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді.

Өтініш пен оған қоса берілген құжаттар Конвенция мен Бірыңғай қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген кезде, көрсетілетін қызметті беруші өтініш түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту түрінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін дайындайды және көрсетілетін қызметті алушыға жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының өтініші мен қоса берілген құжаттары Қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда, лауазымды тұлға тура сол жұмыс күні "Е-Апостиль" цифрлық жүйесі арқылы апостиль қоюға жататын электронды құжатта электронды апостильді қалыптастырады және уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ қойылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жібереді.

Құжаттарды апостильдеу келесі жұмыс күніне тағайындалады.

Апостиль беру аумағына қарамастан құжаттың электронды және (немесе) қағаз түрінде көрсетілгеннен кейін және апостиль қою үшін мемлекеттік баж төленгеннен кейін сол күні қойылады.

Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжатты салыстырады, құжатқа "апостиль " мөртабанын қояды және көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электронды форматтағы құжат түрінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді.

